

Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық рейстердің жолаушыларына қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 шілде N 1132

Әуежайлар қызметтерінің тиімді және сапалы жұмысына қол жеткізу, халықаралық рейстердің жолаушыларына қызмет көрсету мәдениетін жақсарту, авиажолаушыларға қызмет көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдардың келісілген іс-қимылын қамтамасыз ету, сондай-ақ ел экономикасына шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал ететін Қазақстан Республикасының имиджін көтеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық рейстердің жолаушыларына қызмет көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруші болып белгіленсін.

2. Халықаралық авиарейстердің жолаушыларына қызмет көрсетуді және оларды теңдеме жүктері мен жүктерді ресімдеуді:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кеден органдарымен бірлесіп халықаралық рейстерге қызмет көрсететін әуежайлардың қызметтері;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық қызметі қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

Әуежайдың әкімшілігі халықаралық авиарейстерде авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 27 шілдедегі
N 1132 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
өзгерістер мен толықтырулар**

Ескерту. Қаулының 1-тармағының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.27. N 781 қаулысымен .

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.01.2014 № 19 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2013 № 1398 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. "1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының шекарасын аса қауіпті жұқпалы аурулардан санитарлық қорғау" мақсатты кешендік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 ақпандағы N 93 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 4, 26-құжат):

4-тармақ "санитарлық-эпидемиологиялық, малдәрігерлік және фитосанитарлық бақылауды жүзеге асырушы мамандарды" деген сөздерден кейін "тазартылған аймақтан тысқары жерлерде" деген сөздермен толықтырылсын.

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.28. N 407 қаулысымен.